

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 29 МАУСЫМДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың 2022/2023 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері туралы есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1 Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың 2022/2023 оқу жылындағы көктемгі сессия нәтижелері туралы есебі мақұлдансын және бекітілсін.

1.2 Тіркеу кеңесі кафедра меңгерушілерімен біріге отырып 2023 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде, қолданыстағы бағалау саясатының тиімділігін зерделеп, бағалау тәсілдері мен критерийлерін жаңарту бойынша ұсыныс енгізсін.

2. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары жайлы баяндаманы тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1 Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.С.Джарасованың 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебі мақұлдансын және бекітілсін.

2.2 Академиялық мәселелер жөніндегі проректор институт директорларымен және академиялық құрылымдармен бірге:

- **2023 жылғы 1 қыркүйекке** деін университеттің академиялық процестер картасын қалыптастыра отырып, академиялық саясатын қайта әзірлесін;

- үздіксіз білім беру жүйесіне қатысуды жандандырсын (*мерзімі -үнемі*);

- білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ақпараттық жүйені жаңғырту (негізгі процестерді автоматтандыру) жұмыстарын ұйымдастыруға баламалы қаржы көздерін іздестірсін;

- рентабельді емес білім бағдарламаларын диверсификациялау жұмыстарын жүргізсін.

2.3 Академиялық артықшылық орталығы бойынша ұстаным мақұлдансын және университет қаржылық капиталын арттыру бойынша қажетті құжаттар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне тапсырылсын.

2.4 Білім беру бағдарламаларын жобалау департаменті кафедра меңгерушілерімен бірге **2023 жылғы 1 қыркүйектен** бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және Дүниежүзілік банктің «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламаларын сапалы пилоттауды қамтамасыз етсін.

3. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың баяндамасын тыңдай және талқылай отырып, Академиялық комитеттің шешімін ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

3.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2022/2023 оқу жылының қорытынды аттестаттау комиссиясының қорытындылары» туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2 Университеттің қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептері бекітілсін **30.06.2023 ж.** дейін.

4. Бас ғалым хатшы Ж.М.Битибаеваның университеттің Ғылыми кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Бас ғалым хатшы Ж.М.Битибаеваның университеттің Ғылыми кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есебін мақұлдансын және бекітілсін.

5. Әртүрлі

6. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Г.С.Джарасоваға** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов
Ж. Битибаева

Д. Билялов

Ж. Битибаева